

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XULI5534>

***А. А. Қуанышев, З. Қ. Бисенғали**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: taipak123@mail.ru

ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ПАРАДИГМАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘТІНДЕГІ ПОЭТИКАЛЫҚ ДИСКУРС ПЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақалада қазақтың гажайып ақындарының бірі – Т. Әбдікәкімов поэтикасындағы парадигмалық деңгей мен дискурстық негіздер туралы мәселе кеңінен қарастырылады. Поэзиялық шығармалардың дискурстық траекториясы сөз болған жерде ақынның ішкі әлемі мен рухани болмысына баса назар аударамыз. Оны мақаланың негізгі бөлімдерінде сөз етеміз. Тыныштықбек ақынның дәл бағасын берген қазақ прозасының көрнекті өкілі Ә. Кекілбайұлы еді. Ол Тыныштықбекті «біртүрлі ақын» дейді. Бірақ, білетініміздей, қазақтың «біртүрлі» дегені не мақтағаны емес, не даттағаны емес. Бірақ, әйтеуір, бірқалыпты құбылыс емес екендігі анық. Осындай гажайып, философ ақынның ішкі әлеміне үңіле отыра, ой өрнектеріне жету жолдарын қарастырамыз. Ақын шығармашылығындағы көркем мәтін дискурстарының негіздеріне назар аударамыз.

Толыққанды көркем туындыны дүниеге әкелу – ақын шығармашылығындағы басты мұрат. Әдеби туынды, яғни көркем шығарма тілдік белгілердің жүйелі сабақтастығымен, нақтылай түссек, мәтінмен тиянақталады. Туындының тілдік-семантикалық құрылымын анықтауда мәтін тарихын ескеру қажеттігі басым.

Қазіргі қазақ поэзиясының дискурсты-талдау тәрізді нақтылы мәселелер тұрғысынан зерттеуге арналған бұл мақала – әдеби процестің тәуелсіздік кезеңіндегі айтылмыш мәселелерді арнайы қарастырған еңбектердің бірі. Жұмыста қазіргі қазақ поэзиясындағы формалық және поэтикалық тіл ерекшеліктеріне, олардағы жаңашыл белгілерге жан-жақты талдау жасалынады.

Әдеби шығармалардың қағаз бетіне түскенге дейінгі процесі мен жарық көруі екеуі ішінара байланыста болады. Мақаланың

қорытынды бөлімінде Тыныштықбек поэзиясының поэтикасындағы дискурстық негіздерге баға беріп, талқыланады.

Кілтті сөздер: Т. Әбдікәкімов, поэтика, поэзия, дискурс, парадигма, қазақ әдебиеті, шығармашылық, мәдениет, руханият.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайындағы әдеби даму ғылымның алдына жаңаша пайымдау міндеттерін қойып отыр. Ұлттық әдебиеттануымыз да осы талаптарға жауап бере алуы тиіс. Әдеби үдерісті мейлінше дәл бағамдайтын әдебиеттану әдеби-мәдени дамудың жеделдігіне ілесе алуы керек. Қазақ әдебиеттануының қалыптасу, даму кезеңдерінде түрлі бағыттар орнықты. Оларға тиесілі еңбектерде ұлттық және салыстырмалы әдебиеттануға қосылған үлес деңгейіндегі құнды тұжырымдар болды. Ал бүгінгі күн зерттеудің мүлдем жаңа бағыттарын талап етіп отыр. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі поэтикалық дискурс және нарратор мәселесін зерттеу бүгінгі ғылыми-зерттеушілік сұраныстардан туындағаны, нәтижелік зәрулігі айқын.

Шетел әдебиеттануындағы жаңашыл тұжырымдар теориялық тұрғыда құнды болғанымен, оларды ұлттық әдеби дамуды сараптауға сол күйінде пайдалану мүмкін бола бермейді. Алайда осы бағыттағы талдауларды ұлт әдебиетіндегі үздік үлгілер арқылы жүзеге асыра алсақ, заманауи әдебиеттануымыздың жетістігі болары сөзсіз.

Қазақ поэзиясын дискурстық және нарратологиялық бағытта зерттеу ұлттық әдебиеттанудың тәжірибе қорын жаңа тұжырымдармен толықтырып, көркем туындының құрылымы мен мәтіндік қырын, эстетикалық табиғатын танытудың тың мүмкіндіктерін ашпақ.

Филологиялық зерттеулерде ХХ ғасыр соңында мәтінмен қатарласа «дискурс» термині де қолданыла бастады.

Қазіргі филологиялық аспектіде дискурсқа қатысты пікірлер әртүрлі. «Дискурс» ұғымы тілдік қызметті, мәтінді, ой-толғамды да білдіретін көп сипатты термин. «Дискурс» термині көп мағыналы екенін естен шығармаған жөн.

Теоретиктер мәтін мен дискурс айырмасын талқылағанда, «мәтін дискурстың ең кіші әрі негізгі бірлігі» деген көзқарасқа көбірек тоқталады [1, 176].

Ресейлік ғалым Ю. С. Степанов: дискурс – это первоначально особое использование языка, в данном случае русского, для выражения особой ментальности, в данном случае также особой идеологии; особое использование влечет активизацию некоторых черт языка и, в конечном счете, особую грамматику и особые правила лексики. И, как мы увидим дальше,

в конечном счете в свою очередь создает особый «ментальный мир, – деп тұжырымдайды [2, 38].

Француз философы, структуралист, семиотик Ц. Тодоров әдеби дискурс туралы: В литературоведческих исследованиях правила, свойственные дискурсу, изучаются обычно в разделе «жанры» (иногда «стили» или «модусы» и т. п.), – деген ойды айтады [3, 368]. Сонымен қатар: «Каждый тип дискурса в свою очередь определяется набором правил, выполнения которых он требует. Так, сонет – это тип дискурса, характеризующийся дополнительными ограничениями, накладываемыми на его метрику и рифмы» деген тұжырымына да назар аударған жөн [3, 367].

Әдеби зерттеу еңбектерде мәтін мен дискурсты ғылыми әдебиетте, бұл жіктеудің талас тудыратынына қарамастан, жазбаша (мәтін) және айтылым (дискурс) формасы түрінде жіктеген көзқарастар да баршылық екені айтылады [4, 26]. Лингвист ғалымдардың бірсыпырасы «дискурс» терминін оның этимологиялық мәніне қарай «әңгіме», «сұхбат», «дискуссия» мағынасында түсіндіруге ұмтылады [5, 8].

Зерттеу жұмысының мақсаты – Т. Әбдікәкімов поэтикасындағы дискурс теориясын жаңа аспектіде, нарратология парадигмалары арқылы зерттеудің тарихи және заманауи тақырыптардағы туындылардың көркемдік-эстетикалық табиғатын талдау аясында танытудың жаңа мүмкіндіктері мен артықшылықтарын іс жүзінде көрсету.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- көркем мәтіннің ақпараттық мәні мен эстетикалық табиғатын дискурсты-талдау негізінде ашып, мәтін мен шығарма арақатынасын саралау;
- зертханалық жұмыстар арқылы көркем мәтінді дискурсты-талдаудың артықшылықтарын таныту, поэтикалық дискурс аясында тарихи-көркем шындық болмысына тұжырымдар жасау;
- автордың көркем мәтін құрудағы рөлі, атқаратын қызметінің ертараптылығын ашу;
- мәтін мен дискурс жайлы ғылыми әдебиеттердегі түрлі анықтамаларды талқылап, әдеби дискурстың түпкілікті мәнін айқындау;
- ұлттық әдебиеттанудағы бұрынғы-соңғы тұжырымдарды жүйелеп, олардың жаңа аспектімен байланысын, үндестігін саралап, поэтика мен дискурс арасындағы жүйелі сабақтастықты таныту;

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысында салыстырмалы-тарихи, кешенді, сипаттама, жүйелі талдау, жинақтау әдістері пайдаланылды.

Т. Әбдікәкімов шығармаларының саяси көрінісін, поэтикалық элементтерінің қолдану ерекшеліктерін зерттеу және образдық сипатын ашу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, интертекстуалдық, құрылымдық,

семиотикалық, герменевтикалық талдау әдістері ғылыми басшылыққа алынды. Интерпретацияның жасалу жолдарына да тоқталамыз.

Тарихи-салыстырмалы әдістің ең негізгі міндеті – шығарманы өзіне дейінгі бір шығармамен не оқиғамен қатар алып суреттеу.

Қазіргі қазақ өлеңінің түрлік-бейнелілік ерекшеліктерін, поэзия тілі жаңалықтарын зерттеуде жүйелі-кешенді, салыстырмалы-типологиялық, талдау, сипаттау, объективті-аналитикалық әдіс-тәсілдерді қажетімізге қарай қолданамыз.

Әдебиеттану ғылымының поэзия жанрының табиғатын, құрылымдық, көркемдік-эстетикалық, стильдік-бейнелілік ерекшеліктерін зерттеуде пайдаланған басқа да әдіс-тәсілдері мен теориялық қағидаларын, қол жеткізген жетістіктерін осы зерттеу жұмысының пәні һәм теориялық-методологиялық негізі етіп алдық.

«Дискурс» термині әдебиеттануда ХХ ғасырдың соңында қолданысқа еніп, нақты категория ретінде зерттеу нысанына айнала бастады. Филологиялық зерттеулерге назар аударғанда, осы кезеңде «мәтінмен» қатарласа «дискурс» термині де қолданысқа енді. Теорияшылар мәтінді дискурстың ең бастапқы әрі негізгі бірлігі деген көзқарасты алға тартады. Көркем туындыдағы поэтикалық мәтінді тұтастықта қарастырған әдебиеттанушылық талдауларда әдеби туынды табиғатын дискурс аясында танытуды мақсат еткен ізденістер қатары баршылық. Сондай-ақ дискурспен әрдайым сабақтасатын нарратор мәселесін басты нысан еткен нарратология ілімі де қалыптасып үлгерді. Біз жұмысымызда көркем прозадағы дискурс және нарратор мәселесін әдебиеттанушылық тұрғыда зерттеген, осы бағыттағы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін таяныш еттік. Атап айтқанда, отандық әдебиеттанушылар С. Қасқабасов, Б. Майтанов, Т. Есембеков, Қ. Алпысбаев, Қ. Нұрғали, С. Ананьева, Г. Мучник, В. Бадииков, Г. Хазагеров, Д. Лихачев, Ю. Степанов, С. Тичер, М. Мейер, Р. Водак, Е. Веттер, М. Макаров, Л. Сафроновалардың еңбектеріндегі ой-тұжырымдар басшылыққа алынды.

Нәтижелер және талқылау

Кез келген халықтың ұлттық тілінде көркем әдебиет тілінің өте маңызды орын алатыны мәлім. Көркем әдебиет тілі немесе көркем шығарма тілі халық тілінің дамып, жетіле, жетіге, байи, ұстара түсуінде аса зор үлеске ие. Осы орайда ұлттық тілді дамытатын нақты да айқын факторлардың бірі ретінде белгілі бір кезеңге тиесілі, жекелеген аса ықпалды әдеби қайраткерлердің, суреткерлердің (жазушының, ақынның) шығармашылығындағы поэтикалық тіл ерекшеліктерін кезеңдік тұрғыдан мезгіл-мезгіл саралап, сараптап тұруды тіпті қоғамдық маңызы бар шаруа дер едік. Бұл туралы белгілі орыс ақыны әдебиетші, Нобель сыйлығының лауреаты И. Бродскийдің бір сұхбатында

айтқан мына сөзі өте орынды деп ойлаймыз: «Шындап келгенде, ақынның бір ғана жақсы жазудан басқа ешқандай міндеті жоқ. Егер қандай да бір парыз туралы байсалды сөз қозғай қалсақ, оның қоғам алдындағы парызы да осы болмақ. Өйткені ақынды қоғам тағайындамайды, сондықтан да қоғам оған қандай да бір міндеттілік жүктемейді. Қоғам тілін пайдалана отырып, сол тілде шығармаларын тудырып, әсіресе жақсы шығармалар тудырып, ақын қоғамға бір табан жақындай түскендей болады. Алайда ақын қоғам алдында өлең жазуға міндетті болмағанмен, қоғам үшін оны оқу парыз болмақ, өйткені поэзия шын мәнінде лингвистикалық міндеттілік болып табылады. Және егер ақын қоғамға қарай бір табан жақындай түссе, қоғам да ақынға бір табан жақындай түсу керек» [6, 4]. Ендеше, жалпы әдеби процесс нәтижесінің нақты да деректі бір нышаны – поэтикалық тіл ерекшеліктерін талдау-тексеру, жекелей алып зерттеу қажеттілігі дау тудырмауға тиіс.

М. Горький «Тіл – әдебиеттің бас мүшесі» десе, Гончаровтың пікірі оны тіпті шегелей түседі: «Әдебиет деген – тіл!». Бұлар – дәлелі бойында тұрған, дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырымдар. «Шеберлік мәселесі бәрінен бұрын тілден басталатыны даусыз. Демек, көркем тіл жайы – әдебиет туралы ғылымның ең өзекті мәселелерінің бірі» – дейді академик З. Қабдолов [7, 186]. Бұл пікірдің өзі де – даусыз пікір. Біздің қазіргі қазақ поэзиясындағы поэтикалық тіл ерекшеліктеріне арнайы тоқталу мақсатымыз – датақал бүгінгі қазақ өлеңіндегі сол көркемдік, шеберлік сырын ашу ниетінен туған әрекет.

Алдымен осы «поэтикалық тіл» деген термин білдіретін ұғымның өзін байыптап алған жөн. Әдеби энциклопедиялық сөздікте [8, 302] аталмыш терминнің лингвистиканың, поэтиканың және стилистиканың термині ретінде бірнеше мағынада қолданылатыны көрсетілген. Олар:

1) «көркем шығарманың тілі», яғни стилистика термині ретінде жалпы көркем әдебиет тілі деген мағына береді;

2) «поэтикалық тіл» деген тіркестегі «поэтикалық» (поэтический) деген сын есімнің сапалық мағынасындағы, бағалану, бейнелі мәніндегі қолданысы, яғни көркем тіл;

3) «өлең тілі» деген тіркестің синонимі, яғни поэзия тілі немесе өлеңмен жазылған шығарма тілі.

«Поэзия» ұғымының өзі ғасырлар бойы тарихи тұрғыдан өзгеріп, бүгінде аясы кеңейе түскені мәлім. Бұл мағынадағы «поэтикалық тіл» бір кезде проза тіліне қатыссыз, тек тікелей өлеңмен жазылған шығармаларға ғана тән атау ретінде қабылданған. Сондықтан да оның ұғымдық аясы қазіргі түсініктегі поэзияның өзін түгел қамтымаған тар шеңберде қалып қойды. Поэтикалық тілдің бұл мағынасы, негізінен, әдебиетте көркем тілдің жұмсалыуының белгілі бір дәстүрдегі қалыбымен, бейнелеу құралдарының, тәсілдерінің белгілі бір

оқшау, тұйық жүйесімен шектелген тар ұғымға сайды. Поэтикалық тіл бұндай жалпы өлең тілі мағынасында кейде әлі де қолданылады. Бұларға қоса қатар қолданылатын жарыспалы атаулар ретінде көркем тіл, образды тіл, бейнелі тіл және т.б. тіркестерді тізіп келтіре беруге болар еді. Көріп отырғанымыздай, поэтикалық тіл терминінің мағыналық аясы да, қолданылу өріс-ауқымы да тым кең. Сондықтан да ауа жайылып кетпес үшін аталмыш терминнің қажетімізге қарай біз қолданатын контекстегі мағынасын нақтылап алайық.

Атақты философ, дискурс ғылымының көрнекті өкілі – М. Фуко былай тұжырымдайды: «Ақынның тілдік қуаты оның дискурсына тікелей байланысты» [9, 32].

Осында айтылған «ақын тілі», «көрнекті лебіз» дегендер біздің қазіргі ұғымымыздағы поэтикалық тілге сәйкес келеді. Байыптап қарасак, беріліп отырған анықтамадан-ақ поэтикалық тілде жеке адамның (қаламгердің) тек өзіндік қолданысына меңзейтін даралық сипат барын да аңғаруға болады. Өз сөзіне әркімнің «өзінше өң беріп айтатыны» түсінікті. Байқап отырғанымыздай, бұл мағынадағы поэтикалық тілдің өзі кең ұғым. Оның аясына бүкіл бейнелеу (көркемдік образ) жүйесі және осы бағыттағы жазушының (ақынның) жеке ізденіс фактілері (лексиконы, стилистикалық өрнектері, тіпті интонациялық-мелодикалық әдіс-тәсілдеріне дейін) кіреді.

Адам басындағы бірер сәтте сапырылысқан түрлі сезімдер – күтпеген қуаныш, оның растығына деген күмән, қайта қуану, өкпе-наз, таңырқау, ұрсу, шүбә, қайта бас көтерген сенім – соның бәрі өлеңнің ерекше бітімімен астасып, нанымды, табиғи түр танытады. Өлеңді жеделдетіп, сыдыртып оқуға болмайды. Әр жолға бөлініп, дербес мағыналық реңк, қилы сезім арқалаған үзік-үзік сөз бен сөз тіркестері дауыс толқынын, ырғақты өзгеше интонациямен жеткізуді тілейді. Бұл да бір тармақтың бөлшектеніп, әр жолға жазылуы арқылы ырғақты түрлендіру тәсіліне жатады. Ал тиянақталған тұтас тармақтардың ырғақ тудырушы негіз қызметін атқару мысалын ақын Т.Әбдікәкімовтің мына бір өлең үзгінен көруімізге болады:

Жұлдызды тағдырыңның мен жүрмін іргесінде,
Мүмкін-ау білмесің де.
Тек мені өмір саған танытпай жүрмесін де!

Мен де бір – жақсыға жаршы ағамын.
Мамырға қарсы ағамын.
Жүзінді көрген сайын, жүректі алақан ғып, қол соғамын.

Мен бір шөл даладаймын шілдедегі,
«Нөсерім болып менің бірде, тегі,

жетерсің» – деген ойдың өзі қанша
үмітті гүлдетеді [10, 34]!

Ұзынды-қысқалы тұтас тармақтары өзара ұйқасу арқылы ырғаққа негіз болып отырған осы өлеңнің үшінші шумағының құрылымында бұрын біз кездестірмеген ерекшелік бар. Алдыңғы мысалдардың барлығына мағыналық бірлігі, логикалық тұтастығы бір жолдың бойын қамтып жатқан тармақтарды бөлшектеп, әр жолға жазу тән болып келген-тін.

Т.Әбдікәкімов қолтаңбасына өлең сөзді сөйлеу мәнеріне ыңғайлау кездеседі. Жаңашылдықтың дәстүр жалғастығымен өзектес құбылыс екеніне тағы да ден қояр болсақ, қазіргі қазақ поэзиясындағы Жұмекенмен табиғаты туыс «күрделі ақынның» бірі – Т. Әбдікәкімовтің поэзиясы, сөз жоқ, жаңа бір дара құбылыс. 1986 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде «Қойлы ауылдың хаттары» топтамасымен алғаш рет көрініп, әзірге «Ақшам хаттары» (1993), «Ырауан» (2000) атты екі поэзиялық жинақтың өзімен ақын – қазіргі қазақ әдеби сынының назарын ерекше аударып отырған қалам иесі.

Оның себебі – Тыныштықбектің дүниені қабылдау, ойлау жүйесінің бұрынғы-соңғы ешкімге ұқсай бермейтін өзгешелігі, дүниепайымының, танымы мен сезімінің даралығы, аса нәзік те күрделі поэтикалық әлемі.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының қолданылуындағы ерекшелік, олардың барлығына ортақ сият неғұрлым күрделілік, интеллектуалды поэзияға тән көпқырлылық. Көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының барлығы да қазіргі қазақ өлеңінде бір-бірімен араласып, біріне-бірі және бір мақсатқа қызмет етіп тұрған күрделі құрылымда жиі бас қосатыны байқалады. Олардың жеке-дара тұруы, жалаң түрде келуі, әрине, бұрынғыдай әлі де көп кездеседі, дегенмен қазір олардың қай- қайсысының да жаппай күрделі формада араласа, қабаттаса қолданылу үрдісі қалыптаса бастағанын байқамау мүмкін емес. Бұл – жаңа, күрделі поэтикалық тіл пайда бола бастады деген сөз. Жоғарыда айтылған дерексізді заттандыру тәсілінің қолданылуынан да бұған көп мысалдар келтіре аламыз. Мәселен, аталмыш тәсілге жиі жүгініп, оны күрделі түрде әрі шебер қолдана білетін ақын Т.Әбдікәкімов өлеңдерінен төмендегідей үлгі-үзінділерді талдап көрелік:

- 1 Қап-қараңғы үрейдің арқасындай
Мына түннен азырақ қорқасың да [10, 14].
- 2 Салақтатып тілдерін әр көлеңке,
Ойнап жатыр Сәскенің сақалымен [10, 26].

- 3 Жат біреумен отырсың сен ыңылдап,
Қолдарыңда күміс тұмсық үміттерім бар үйтілген [10, 79]!...
4 Мұржасы зор моладан үрпек басты үрейім қарап отыр далаға [10, 82].

Алынған мысалдардағы заттанып тұрған абстрактылы, дерексіз нәрсе үшеу: үрей, Сәске және үміт. Осылардың заттануының, жандануының әр мысалдағы сипаты мен қызметін енді жеке-жеке талдап көрелік.

Бірінші мысалдағы дерексіз үрейге адамның немесе басқа әйтеуір әлдебір жан, тіршілік иесінің (аңның, малдың және т.б.; бұл маңызды емес) мүшесі арқаны (жоганы) бітіру арқылы ақын оны тек қана жандандырып, кейіптеу тәсілін қолданып отырған жоқ, сонымен бірге оған түннің қараңғылығын теңеп те отыр. Нәтижесінде қараңғы түн бейнесі тудырып отырған үрейдің әсері тіпті күшейе түскен. Өлеңнің екі тармағында бірнеше тәсілдер мен бейнелеу құралдары тоғысып тұр, олар: дерексізді нақтылау, кейіптеу һәм теңеу.

Енді екінші мысалға келелік. Онда автор кейіптеу тәсілі арқылы нақтылап тұрған «тілдерін салақатқан» көлеңкелер мен «сақалды» сәске де өзара бірлікте алынып («ойнап жатыр»), бір мақсатқа – құбылыстарды адам (оқырман) санасына нақты, образды түрде әрі психологиялық әсермен жеткізуге қызмет етіп тұр.

Келесі мысалдағы абстрактылы ұғым – үміт заттанғанының үстіне күрделі, инверсияланған эпитеттер арқылы («күміс тұмсық», «үйтілген») тіпті нақтылана түскен. Соңғы, төртінші мысалдағы дерексіз үрей де жандануымен бірге («қарап отыр далаға») күрделі айқындауыш – эпитет («үрпек басты») арқылы нақтыланып тұр. Кейіптеу де бар. Қолданылған тәсілдердің бәрі бір-бірімен тығыз байланысып, тағы да ортақ мақсатқа қызмет етіп отыр.

Тыныштықбектің поэзиясынан мұндай күрделі де шебер, әдемі де әсерлі қолданыстарды өте жиі кездестіруге болады. Әсіресе ақынның абстрактылы ұғымдарды бейнелеудегі әдіс-тәсілдері оның өзіндік стиль ерекшелігін сипаттайтын белгінің бірі деуге болады. Өйткені ол өз шығармашылығында абстракциялы ұғымдарды заттандыруға, кейіптеуге өте көп барады. Мысалы: «енді ғана бүлк-бүлк ете бастаған Мәңгіліктің құрсағы» [10, 66], «Дәлел үшін – Өтірік пен Шын жұлып жесін бір- бірін» [10, 67], «тырнағынан құтылып көр Тұрмыстың» [10, 38], «Мен бүгін тағы да еріп Өзәзілге, Ақ қанат үмітімді өлтірістім» [10, 69] және т.б. Бұлар – ақынның бір кітабының қатар төрт бетінен алынған үзіктер. Соның өзі-ақ ақынның айтылмыш тәсілді өте көп қолданатынын дәлелдейді. Және оны ақын түрлендіріп, сан алуан әдістер арқылы қолданады. Мәселен, Тыныштықбек белгілі бір құбылысқа немесе нәрсеге тән әлдебір қасиетті соған мүлде кереғар қасиетпен яки әрекетпен ауыстырып, айтылмыш құбылысқа, нәрсеге басқа бір әдеттен тыс, сыйымсыз

қасиетті дарыту, мүмкінсіз әрекетті жасату, контрастарды ымыраластыру, мәмілелестіру тәсілі арқылы бейнелеудің әсерін керемет күшейте біледі. Мысал үшін төмендегі қолданыстарға назар аударып көрелік:

1. Айқай салар Үнсіздік ортамызда [10, 47]?!
2. Естір едің сен де қызыл дірілді [10, 51].

Алғашқы мысалдағы абстрактылы құбылыс Үнсіздікке оның контрастын – Айқай салу әрекетін телу Үнсіздікті әрі заттандырып, әрі оның нақтыланып тұрған өзіндік абстракциялық қасиетін, сипатын өткірлей түсуге, оқырманның ұғымына нақты әрі бейнелі түрде қондыруға көмектесіп тұр.

Қорытынды

Көркемдік таным адамның көзқарасымен, ойымен сабақтас болады. Поэзия арқылы адамның көркемдік танымы ұшталып, эстетикалық сезімі тереңдейді. Поэзияның құндылығының жоғары екенін осыдан-ақ аңғарсақ болады. Уақыт өте келе шығарманың құндылығы өсіп, келер ұрпаққа шындықтың символы ретінде жетеріне сенім кәміл. Қазақ халқының бойындағы рухани артықшылық әдебиетінде толықтай жазылғаны бәрімізге мәлім. Өлеңнің арасында идеялық, мағыналық ұстанымдар көптеп кездеседі. Ендігі кезекте, осыларды автордың халыққа қалай жеткізгені – үлкен мәселе. Ол мәселелер Т. Әбдікәкімұлы шығармашылығын жан-жақты талдаған тұста толықтай ашылды.

Әрбір суреткер белгілі ортада қоғамдық жағдайда өсіп жетіледі. Оның дүниетанымы, көзқарасы мен талап-болмысы неғұрлым жетілген сайын, оның шығармашылық мұрасының да көкжиегі кең, мән-маңызы да терең болады. Кез келген өнер адамы – өз заманының перзенті. Оның қалдырған мұралары өткен күндердің ізін айқындап, болашақтың соқпағын салады. Ал, ол туындылардың бағасын беру ұрпақ еншісінде.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Есембеков, Т. О.** Көркем мәтін теориясы [Мәтін]. – Алматы : «Қазақ университеті», 2015. – 186-б.

2 **Степанов, Ю. С.** Язык и Метод. К современной философии языка [Текст]. – М. : «Языки русской культуры», 2018. – 784 с.

3 **Тодоров, Ц.** Понятие литературы [Текст]. – Киев: «Весна», 2019. – 418 с.

4 **Titscher, S., Meyer, M.** Text and discourse analysis methods [Text]. – Khar'kov : «Gumanitarnyy Tsentr Publishing», 2009. – 356 p.

5 **Михайлов, Н. Н.** Теория художественного текста [Текст]. – М. : Издательский центр «Академия», 2016. – 224 с.

- 6 **Бродский, И.** Нобелевская лекция – СПб: «Азбука-Аттикус», 2022. – 544 с.
- 7 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Мәтін] – Алматы: «Санат», 2010. – 340-б.
- 8 **Тимофеева, В. В.** Литературный энциклопедический словарь [Текст] – М. : «Восток», 2012. – 320 с.
- 9 **Markula P., Pringle R.** Foucault, Sport and Exercise. Power Knowledge and Transforming the Self [Text] – NY: «Routledge», 2006 – 250 p.
- 10 **Әбдікәкімов, Т.** Бесінші маусым жұпары : өлеңдер мен толғаулар, поэма мен балладалар [Мәтін] – Алматы: «Атамұра», 2017. – 312-б.

References

- 1 **Esembekov, T. O.** Korkem matin teoryasy [Theory of literary text] [Text] – Almaty: «Kazakh university», 2015. – 186 p.
- 2 **Stepanov, Y. S.** Yazik i metod. K sovremennoi literature yazika. [Language and Method. Towards the modern philosophy of language] [Text]. – Moscow : «Languages of Russian culture», 2018. – 784 p.
- 3 **Todorov, T. S.** Ponyatie literatury [The concept of literature] [Text]. – Kiev : «Spring», 2019. – 418 p.
- 4 **Titscher, S., Meyer, M.** Text and discourse analysis methods [Text]. – Khar'kov : «Gumanitarnyy Tsentr Publishing», 2009. – 356 p.
- 5 **Mikhailov, N. N.** Teorya hudozhestvennogo teksta [Theory of literary text] [Text]. – Moscow : Publishing Center «Academy», 2016. – 224 p.
- 6 **Brodsky, I.** Nobelevskaya lektsiya [Nobel's lecture] [Text]. – St. Petersburg : «Azбука-Atticus», 2022. – 544 p.
- 7 **Kabdolov, Z.** Soz onery [The art of the word] [Text]. – Almaty : «Sanat», 2010. – 340 p.
- 8 **Timofeeva, V. V.** Literaturniy inciklopepedicheskiy slovar [Literary Encyclopedic Dictionary] [Text]. – Moscow : «Vostok», 2012. – 320 p.
- 9 **Markula, P., Pringle, R.** Foucault, Sport and Exercise. Power Knowledge and Transforming the Self [Text]. – NY : «Routledge», 2006. – 250 p.
- 10 **Abdikakimov, T.** Besinshi mausym zhupary [The fifth season fragrance]: poems and reflections, poem and ballads [Text]. – Almaty : «Atamura», 2017. – 312 p.

09.08.23 ж. баспаға түсті.

14.01.24. ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. А. Қуанышев, З. К. Бисенғали

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

09.08.23 ж. баспаға түсті.

14.01.24. ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

ПАРАДИГМАТИЧЕСКИЙ УРОВЕНЬ ПОЭЗИИ ТЫНЫШТЫКБЕКА АБДИКАКИМОВА И СВЯЗЬ С ПОЭТИЧЕСКИМ ДИСКУРСОМ В ТЕКСТЕ

В статье рассматривается вопрос о парадигматическом уровне и дискурсивных основах в поэтике одного из замечательных казахских поэтов – Т. Абдикакимова. Где речь идет о дискурсивной траектории поэтических произведений, акцентируем внимание на внутреннем мире и духовной сущности поэта. Об этом говорится в основных разделах статьи. Именно А. Кекильбаев был выдающимся представителем казахской прозы, который дал точную оценку поэту. Он говорит: «Странный поэт». Таким чудом, погружаясь во внутренний мир поэта-философа, мы смотрим на пути к воплощению мысли. Обращаем внимание на основы дискурсов художественного текста в творчестве поэта.

Рождение полноценного художественного произведения – главная цель в творчестве поэта. Литературное произведение, т.е. художественное произведение, подкрепляется систематической связью языковых знаков, конкретизацией, текстом. В определении языково-семантической структуры произведения преобладает необходимость учета истории текста.

Эта статья, посвященная изучению дискурса современной казахской поэзии с точки зрения таких конкретных проблем, как анализ, является одной из работ, в которой конкретно рассматриваются проблемы, стоящие перед повествованием в период независимости литературного процесса. В работе проведен всесторонний анализ особенностей формального и поэтического языка в современной казахской поэзии, новаторов в них.

Процесс до появления литературных произведений на бумаге и публикация частично связаны. В заключительной части статьи дается оценка и обсуждается дискурсивная основа поэтики поэзии Тыныштыкбека.

Ключевые слова: Т. Абдикакимов, поэтика, поэзия, дискурс, парадигма, казахская литература, творчество, культура, духовность.

*A. A. Kuanyshov, Z. K. Bisengali
Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 09.08.23.
Received in revised form 14.01.24.
Accepted for publication 03.06.24.

THE PARADIGMATIC LEVEL OF TYNYSHTYKBEK ABDIKAKIMOV'S POETRY AND THE CONNECTION WITH POETIC DISCOURSE IN THE TEXT

The article deals with the question of the paradigmatic level and discursive foundations in the poetics of one of the remarkable Kazakh poets – T. Abdikakimov. Where we are talking about the discursive trajectory of poetic works, we focus on the inner world and the spiritual essence of the poet. We will talk about this in the main sections of the article. It was A. Kekilbayev who was an outstanding representative of Kazakh prose, who gave an accurate assessment of the poet. He says, «A strange poet». By such a miracle, plunging into the inner world of the poet-philosopher, we look at the ways to the embodiment of thought. We pay attention to the basics of the discourses of the literary text in the poet's work.

The birth of a full-fledged work of art is the main goal in the poet's work. A literary work, i.e. a work of fiction, is supported by a systematic connection of linguistic signs, concretization, text. In determining the linguistic and semantic structure of the work, the need to take into account the history of the text prevails.

This article, devoted to the study of the discourse of modern Kazakh poetry from the point of view of such specific problems as analysis, is one of the works that specifically addresses the problems facing the narrative during the period of independence of the literary process. The work will provide a comprehensive analysis of the features of formal and poetic language in modern Kazakh poetry, innovators in them.

The process before appearance on paper of literary works and publication are partially connected. In the final part of the article, the discursive basis of the poetics of Tynyshtykbek's poetry is evaluated and discussed.

Keywords: T. Abdikakimov, poetics, poetry, discourse, paradigm, Kazakh literature, creativity, culture, spirituality.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz